**«Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның түсіндірме хаттамасы**

«20» маусым 2024 жыл

**Қатынасқандар:**

Аудандық аурухана мен емхана қызметкерлері және есепшілер бөлімі.
Барлығы-79 қызметкерлер қатынасты.

Төраға: И.Н.Кабулова- аудандық аурухана директорының уақытша міндетін атқарушы
Хатшы: Б.Батырбекова-заңгер

Күн тәртібінде

*Исатайаудандық ауруханасы ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы және қолданыстағы заңнамалар бойынша түсіндірме жұмыстар туралы*

**Төраға:И.Н.Кабулова-** Жиынға қатысушыларды облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тарапынан келіп жатқан қызметтік хаттармен кәсіпорынның қызметкерлері таныстырылып отырғандықтан, қызмет барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағындыда жұмыстар тұрақты түрде жалғасатынын ескерте келе,қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөнінде қатаң ескертті.

Кәсіпорынның әрбір қызметкері ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтауға міндетті екендігін айтып өтті.

**Аурухана заңгері:Б.Батырбекова-**сөз сөйлеп ұжымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жұмыстар ұдайы жүргізіліп отыру қажет екендігін, сыбайлас жемқорлық туғызатындай жағдайларды болдырмауға жұмыстану қажет дей келе, сыбайлас жемқорлықты жою үшін алдымен адамда ішкі мәдениеттің, жемқорлық әрекеттерге төзбеушілік қасиеттердің, патриотизмдік сана сезім болғаны аса қажет, сондықтан өзімізді және балаларымызды биік рухпен тәрбиелеуге шақырды.

Сондай-ақ аурухананың әлеуметтік желілері мен интернет сайты ашылғанын, осығанда тұрғындарға қажетті ақпараттарды, хабарландыруларды ұдайы жариялап отыру керек екендігіне тоқталды.

Тұрғындардан келіп түскен арыз шағымдар мен өтініштерге мерзімінде тіркеп тиісті түрде жауап хат жолдап отыруды қатаң бақылауда ұстауды ескертті . Қызметкерлерге ұжымда жемқорлыққа жағдай туғызатын жағдайлар немесе оқиғалар болған жағдайда міндетті түрде кәсіпорын басшысы мен комплаенс офицерге хабарлау қажет екендігін атап кетті.

**Төраға** **И.Н.Кабулова**

**Хатшы** **Батырбекова Б.Б**